



"Қазақстан және Орталық Азия тарихы институты"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Scientific Journal

"CENTRAL ASIAN COURIER"

"ОРТАЛЫҚ АЗИЯ КУРЬЕРІ"

ғылыми журналды

Научный журнал

"ЦЕНТРАЛЬНО-АЗИАТСКИЙ КУРЬЕР"

1 № 1 (2025)



EDITOR-IN-CHIEF

Zhumatay Samat — General Director of the Institute of History of Kazakhstan and Central Asia (Kazakhstan).

Azmukhanova Aiman — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor (Kazakhstan).

Deputy Editor-in-Chief:

Cherepanov Konstantin — Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher, Head of the Department of the History of Kazakhstan in the 20th Century at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Committee of Science, Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan).

EDITORIAL BOARD:

Abazov Rafis — PhD, Adjunct Professor, Columbia University; Vice-Rector for International Cooperation, Kazakh National Agrarian Research University; Director, Institute for Green and Sustainable Development; Coordinator, MBA Program.

Abdyrakhmanov Tolobek — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic, Zhusup Balasagyn Kyrgyz State University (Kyrgyz Republic, Bishkek).

Abil Yerkin — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan).

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

Auanasova Alima — Doctor of Historical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University.

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas, (USA).

Dzhumashev Askar — Doctor of Historical Sciences, Professor, and Head of the Department of History at the Karakalpak Scientific Research Institute of Humanities – Karakalpak Branch of the Academy of Sciences of the Republic of Uzbekistan.

Ismagulov Orazak — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the RK under the President of the RK, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan).

Kabuldinov Ziyabek — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the RK under the President of the RK, general Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK (Kazakhstan).

Karasayev Gani — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Institute of State History of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan, Astana.

Kokebayeva Gulzhaukhar — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan).

Kozhirova Svetlana — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan).

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford (UK).

Muminov Ashirbek — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Istanbul, Turkey).

Outram Alan — Doctor of Archaeological Sciences, Professor of the Department of Archaeology and History, University of Exeter (Great Britain, Exeter).

Zharken Aigul — Doctor of Historical Sciences, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University.

Shaydullaev Shapulat — Doctor of Historical Sciences, Professor, Head of the Department of the History of Uzbekistan at Termez State University.

Shinji Kato — PhD, Nara National Research Institute for Cultural Properties, Japan.

Turdaliev Cholpon — Doctor of Historical Sciences, Professor at the American University of Central Asia.

Werner Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university (USA).

Zhomart Simtikov — Candidate of Historical Sciences, Doctor of Political Sciences, Head of the Department of Political Science and Social-Philosophical Disciplines at Abai Kazakh National Pedagogical University.

EXECUTIVE EDITOR

Tashbaeva Kadicha — Candidate of Historical Sciences, Head of the Department of Archaeology at the B. Dzhangerchinov Institute of History, Archaeology and Ethnology of the National Academy of Sciences of the Kyrgyz Republic.

ACADEMIC EDITOR

Utgenov Marat — Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Head of the Department of History, Geography and Social and Humanitarian Sciences Kokshetau University named after Sh. Ualikhanov.

Mukanova Gulnar — Candidate of Historical Sciences, Professor, Leading Researcher of the Astana Branch of the Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology.

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya — Master's degree (Kazakhstan)

Sandybayeva Dinara — Master's degree, staff member of the Institute of the History of Kazakhstan and Central Asia (Kazakhstan)

БАС РЕДАКТОР

Жұматайұлы Самат — Қазақстан және Орталық Азия тарихы институтының бас директоры (Қазақстан).

Азмұханова Айман Махсотқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (Қазақстан).

Бас редактордың орынбасары:

Черепанов Константин Владимирович — тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер, ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихы бөлімінің меңгерушісі, (Қазақстан).

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Абазов Рафис Фанисұлы — PhD, Колумбия университетінің адъюнкт-профессоры, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректоры, Жасыл және тұрақты даму институтының директоры, MBA бағдарламасының үйлестірушісі.

Абдырахманов Толобек Әбілұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Жүсіп Баласағын атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті (Қырғыз Республикасы, Бішкек).

Ауанасова Әлима Мүсірқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры.

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан).

Әлімбаев Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Қазақстан).

Вернер Кунгһиа (Werner, Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті, (АҚШ).

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті, (АҚШ).

Джумашев Аскар Мамбетович — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Өзбекстан Республикасының Ғылым Академиясы Қарақалпақстан бөлімшесінің Қарақалпақ гуманитарлық ғылымдар зерттеу институтының Тарих бөлімі меңгерушісі.

Жаркен Айгүл Мәлікқызы — тарих ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің профессоры.

Кожирова Светлана Басиевна — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан).

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан).

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Президентінің жанындағы ҰҒА академигі, ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас директоры (Қазақстан).

Қарасаев Ғани Мұқашұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері, Астана қ.

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания).

Муминов Әшірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия, Стамбул қ.).

Оутрам Алан — археология ғылымдарының докторы, Эксетер университетінің археология және тарих кафедрасының профессоры (Ұлыбритания, Эксетер).

Симтиков Жомарт Құдайбергенұлы — тарих ғылымдарының кандидаты, саясаттану ғылымдарының докторы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің саясаттану және әлеуметтік-философиялық пәндер кафедрасының меңгерушісі.

Смағұлов Оразак Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР Президентінің жанындағы ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Астана, Қазақстан).

Турдалиева Чолпон Жапарбекқызы — тарих ғылымдарының докторы, Орталық Азиядағы Американың университетінің профессоры.

Шайдуллаев Шапулат — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Термез мемлекеттік университетінің Өзбекстан тарихы кафедрасының меңгерушісі.

Шинджи Като — PhD, Народағы мәдени құндылықтардың ұлттық ғылыми-зерттеу институты (Жапония, Нара).

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Ташбаева Кадича Искандарқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, Қырғыз Республикасы Ұлттық ғылым академиясы Б. Жамгерчинов атындағы Тарих, археология және этнология институтының археология бөлімінің меңгерушісі.

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Өтегенов Марат Зеннатұлы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті» КеАҚ тарих, география және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының меңгерушісі.

Мұқанова Гүлнар Қайроллақызы — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Астана қаласындағы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты филиалының жетекші ғылыми қызметкері.

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жұматайқызы — магистр, Қазақстан мен Орталық Азия тарихы институтының қызметкері (Қазақстан)

Сандыбаева Динара Маратқызы — магистр, Қазақстан мен Орталық Азия тарихы институтының қызметкері (Қазақстан)

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Жуматай Самат — Генеральный директор Института истории Казахстана и Центральной Азии (Казахстан)

Азмуханова Айман Махсотовна — кандидат исторических наук, ассоциированный профессор (Казахстан)

Заместитель главного редактора:

Черепанов Константин Владимирович — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник, заведующий отделом истории Казахстана XX века Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. КН МНВО РК (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абазов Рафис Фанисович — PhD, адъюнкт-профессор Колумбийского университета, проректор по международному сотрудничеству Казахского национального аграрного исследовательского университета, директор Института зеленого и устойчивого развития, координатор программы МВА.

Абдырахманов Толобек Абилович — доктор исторических наук, профессор, член-корреспондент НАН КР, Кыргызский государственный университет им. Жусупа Баласагына (Кыргызская Республика, г. Бишкек).

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, Институт истории государства КН МНВО РК (Казахстан).

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК (Казахстан).

Ауанасова Алима Мусировна — доктор исторических наук, профессор, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева.

Вернер Синтия (Werner Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет (США).

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет (США).

Джумашев Аскар Мамбетович — доктор исторических наук, профессор, заведующий отделом истории Каракалпакского научно-исследовательского института гуманитарных наук (Каракалпакское отделение Академии наук Республики Узбекистан).

Жаркен Айгуль Маликовна — доктор исторических наук, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва.

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК при Президенте РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан).

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК при Президенте РК, Генеральный директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК (Казахстан).

Карасаев Гани Мукашевич — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории государства Комитета науки Министерство Науки и высшего образования Республики Казахстан, г. Астана.

Като Синдзи (Shinji Kato) — PhD, Национальный научно-исследовательский институт культурных ценностей в Наре (Япония, г. Нара).

Кожирова Светлана Басиевна — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан).

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального университета имени аль-Фараби. (Казахстан).

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания).

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция, г. Стамбул).

Оутрам Алан — доктор археологических наук, профессор департамента археологии и истории университета Эксетере (Великобритания, г. Эксетер).

Симтиков Жомарт Кудайбергенович — кандидат исторических наук, доктор политических наук, заведующий кафедрой политологии и социально-философских дисциплин Казахского национального педагогического университета имени Абая.

Турдалиева Чолпон Джапарбековна — доктор исторических наук, профессор Американского университета в Центральной Азии.

Шайдуллаев Шапулат — доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории Узбекистана Термезского государственного университета.

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Ташбаева Кадича Искандаровна — кандидат исторических наук, Заведующая отделом археологии Института истории, археологии и этнологии им. Б. Джамгерчинова Национальной академии наук Кыргызской Республики.

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Утегенов Марат Зенатович — кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, заведующий кафедрой истории, географии и социально-гуманитарных наук НАО «Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова».

Муканова Гюльнар Кайроллиновна — кандидат исторических наук, профессор, ведущий научный сотрудник филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова.

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Саня Жуматаевна — магистр, сотрудник Института истории Казахстана и Центральной Азии (Казахстан)

Сандыбаева Динара Маратовна — магистр, сотрудник Института истории Казахстана и Центральной Азии (Казахстан)



Published in the Republic of Kazakhstan
Scientific Journal
“Central Asian courier”
Has been issued as a journal since 2025
ISSN 3105-241X.
Vol. 1. Is. 1, pp. 153-164, 2025
Journal homepage: <https://sjcacious.com/>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.64970/3105-241X_2025_1_1_153-164

ON THE HISTORICAL SITE OF THE CITY OF CHIGU

Alimgazy Daulet Khanov¹

¹Ch. Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology
Almaty, Kazakhstan
Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher
E-mail: dalimgazy@mail.ru

© Institute of History of Kazakhstan and Central Asia, 2025
© Daulet Khanov A., 2025

Abstract. The territory of Central Asia has long been located at the junction of West and East, in the center of the most active part of the Great Silk Road. Such a geopolitical location is an important factor, and it was on this territory that the ideological foundations of many world religions competed, and as a result, this religion, Islam, won. Islam, which came to this region in the VIII century, went through two periods - the period of expansion (VII-XVIII centuries) and the period of strengthening (XVIII-XXI centuries). The article comprehensively, using interdisciplinary methods, analyzes the discourse of Islam in modern domestic and foreign studies (1991-2021). The study analyzed the work of Western researchers on the issue of the arrival and establishment of Islam in Central Asia. The information presented in the article can be used in the lessons of historiography, history and Islamic studies. The conclusions of the author of the article will be used in further study of the traditional worldview, history and ethnography of the Kazakhs.

Key words: Islamic history, Central Asia, Western researchers, traditional worldview, historiography
For citation: Daulet Khanov A. On the Historical Site of the City of Chigu // Scientific Journal “Central Asian courier”. 2025. Vol. 1. No. 1. Pp. 153-164. (In Kaz.).
DOI: 10.64970/3105-241X_2025_1_1_153-164

ЧИГУ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХИ ОРЫНЫ ТУРАЛЫ

Дәулетханов Әлімғазы Дәулетханұлы¹

¹Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
Алматы, Қазақстан
Тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер
E-mail: dalimgazy@mail.ru

Аңдатпа. Орталық Азия территориясы ежелден Батыс пен Шығыстың түйіскен жерінде, Ұлы Жібек жолының ең белсенді бөлігінің орталығында орналасты. Осындай геосаяси орналасу маңызды фактор болып, дәл осы аумақта көптеген әлемдік діндердің идеологиялық негіздері бәсекеге түсіп, соңында дәл осы ислам діні жеңіске жетті. Бұл өлкеге 8 ғасырда келген ислам екі кезеңнен өтті - экспансия кезеңі (VII-XVIII ғ.ғ.) және күшею кезеңі (XVIII-XXI ғ.ғ.). Мақалада қазіргі заманғы отандық және шетелдік зерттеулердегі (1991-2021) ислам дискурсын кешенді түрде, пәнаралық әдістерді пайдалана отырып талдайды. Зерттеуде Орталық Азия жеріне исламның келуі және орнығу кезеңдері мәселесі Батыс зерттеушілерінің еңбектері

талданды. Мақалада келтірілген мәліметтерді тарихнама, тарих және исламтану сабақтарында пайдалануға болады. Өйткені, мақала авторының тұжырымдары қазақтардың дәстүрлі дүниетанымын, тарихын және этнографиясын одан әрі зерттеуде қолданыс табады.

Түйін сөздер: Ислам тарихы, Орталық Азия, Батыс зерттеушілері, дәстүрлі дүниетаным, тарихнама

Дәйексөз үшін: Дәулетханов Ә.Д. Чигу қаласының тарихи орыны туралы // Scientific Journal “Central Asian courier”. 2025. Т. 1. № 1. 153-164 бб. (Қазақш.).

DOI: 10.64970/3105-241X_2025_1_1_153-164

О ИСТОРИЧЕСКОМ МЕСТЕ ГОРОДА ЧИГУ

Даулетханов Алимгазы Даулетханович¹

¹Институт Истории и этнологии имени Ч. Ч. Валиханова

Алматы, Казахстан

Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник

E-mail: dalimgazy@mail.ru

Аннотация. В статье анализируются исследования, касающиеся местоположения и истории города Чигу, и делается попытка определить местонахождение этого города на основе археологических данных, найденных в последнее время. Для обоснования своих выводов авторы, помимо данных, поступивших в научный оборот в советское время, широко используют работы китайских ученых, опубликованные в последнее время. Кроме того, анализирует выводы турецких, кыргызских археологов, проводивших научные исследования на эту тему. В более поздние времена группы, не имеющие научного сообщения, по разным причинам сбивали с толку многих, делая ложные выводы о том, что место Чигу-Хала находится в Семиречье. Этим убедительно дается научное опровержение поверхностным, ошибочным суждениям некоторых таких «историков-любителей», которые совершенно не совпадают с научными аргументами.

Ключевые слова: Местонахождение города Чигу, Кангюи, саки, усунь, кочевые народы, городская культура, кочевая цивилизация, китайско-усунские отношения

Для цитирования: Даулетханов А.Д. О историческом месте города Чигу // Scientific Journal “Central Asian courier”. 2025. Т. 1. № 1. С. 153-164. (На Каз.).

DOI: 10.64970/3105-241X_2025_1_1_153-164

Кіріспе. Үйсіндер мен олардың салған қалалары туралы мәліметтер өте аз. Олар б.з.б II ғасырда сақ-скифтерді жеңу арқылы Тянь-Шань аңғарларын басып алды. Олардың Чигу қаласы сақ патшаларының бұрынғы ордасының орыны. Б.з.б II ғасырда Ыстықкөлде болып, Тянь-Шань арқылы Ферғанаға өткен қытай саяхатшысы Чжан Цянь үйсін қаласын «чигучэн» – қытай тілінен аударғанда – «Қызыл аңғар қаласы» деп атайды. «Үйсін... Бұл көшпелілер иелігі, оның тұрғындары мал үшін бір жерден екінші жерге көшіп-қонып отырады», – деп жазды саяхатшы. «Үйсіннің бірнеше ондаған мың әскері бар, шайқастарда батыл» (Мокрынин, 7 б.).

Чигу ежелгі дүниедегі Шығыстың ең ірі қалаларының бірі болды. Оның биік бекініс қабырғаларының артында алтынмен безендірілген бай үйлер, сарайлар, киелі орындар жасырылған.

Археологтар осы қала тұрғындарының өмірі, олардың кәсібі мен тұрмыс-тіршілігі туралы түсінік беретін материалдық мәдениет бұйымдарының жеткілікті үлкен коллекциясын жинады: тастан жасалған бұйымдар, керамика, металл бұйымдары, мүйізден жасалған қолөнер бұйымдары.

Кейін, Үйсін мемлекеті жаңа жаулап алушылардың шабуылына ұшырады. Біраз уақыттан кейін Ыстықкөлдің суы көтеріліп, қала су астында қалды.

Гимарат қалдықтары бар көне қоныс – Сары-Бұлұн деп аталды, Түп шығанағының оңтүстік жағалауындағы оның маңындағы ауыл осылай аталады.

Ыстықкөлдің Түп шығанағының түбінде 1985 жылғы далалық жұмыстардың нәтижесінде көне заманның үлкен қонысы табылды. Табылған заттар оның б.з.б. бірінші мыңжылдықта болғанын айғақтайды. Бірақ мұның бәрін әлі де жаңа зерттеулермен, ғылыми зерттеулермен дәлелдеу керек еді.

Қырғыз археологы Т. Мадылбайдың айтуынша, «Атақты Чигу қаласының – Ыстықкөлдегі ежелгі үйсін тайпалық одағының қуатты билеушісінің ордасының (кейін ғалымдардың пайымдауынша, ол Құнқат және Бағқат деп аталды) үйінділерін таптық деп болжадық. Осыған сүйене отырып, біз өзіміздің алғашқы жағалық және су асты олжаларымызға ежелгі көшпелі билеушілердің астаналық штабының материалдық мәдениетінің нысандары ретінде қарай бастадық» (Мокрынин, 7 б.).

Бірі екіншісінен асып түсетін кейінгі археологиялық олжаларды зерттеу жаңа дәуірдің тоғысынан б.з.б. бірінші мыңжылдықтың басына – соңғы қола дәуіріне және сақ көшпелі тайпалар одағының құрылуына әкелгенін көрсетеді. Кейінірек оның орнына бұрынғы мәдениеттің барлық элементтерін сіңірген астанасы, Чигу қаласы бар Үйсін тайпалық одағы келді.

Дегенмен, ғалымдар Ыстықкөлдің жағасынан табылған бұл қаланың үйсіндердің алдында осы аймақты мекендеген сақтардың да белгісіз қонысы болуы мүмкін ғой деген сұрақ туындатты.

Назарларыңызға ұсынып отырған мақала да осы ізденістің тарихқа дейінгі кезеңі, іздеу процесінің өзі, алынған материалдарды, фактілерді, аңыздарды, гипотезаларды талдауды құрайды.

Материалдар мен әдістер. Мақалада Чигу қаласының орналасқан жеріне қатысты зерттеушілердің ой-пікірлері мен тұжырымдары жергілікті тұрғындар арасында тараған аңыз-әңгімелер – ауызша тарихнама, археологиялық және жазба деректер кеңінен пайдалана отырып, осы мәселеге арналған отандық және шетел ғалымдарының зерттеулеріне салыстырмалы түрде талдау беріліп кеңінен қолданылған. Мақалада көтерілген мәселені анықтау мақсатында тарих ғылымына ортақ әдістер пайдаланылды. Оның ішінде тақырыпта сақталған түйткілдердің бағыт-бағдарын айқындауда салыстырмалы әдіс, кешенді талдау жүргізу, жүйелеу, әдебиеттерді жинақтау және объективті баға беру, деректерді ішкі және сыртқы формасына қарай сынау сынды методологиялық ұстанымдар қолданылды. Солардың нәтижесінде мақалада «Шы-гу – Қызыл аңғар» қала-бекінісінің орналасуы туралы әлі де терең, дәйекті зерттеулер қажеттігі ескеріліп, бүгінгі күні Чигудың екі жерде орналасуы мүмкін деген жорамал айтылады. Бірі ұзақ жылдар бойы археологтар жүргізген нақты материалдық әрі мәдени жәдігерлер айғақтаған Қытайға қарасты Текес, Шаты аңғары мен Тоғызтарау, Күнес, Қас аудандарында да орналасуы мүмкін деген болжам. Екіншісі, Чигу қаласының Ыстық көл су астында мүмкін деген болжамға қатысты аңыздар мен жазба және археологиялық деректер дәйекті түрде талданып, Чигу қаласы Жетісу, Ыстықкөл, Талас-Тараз өңірінде орналасқанына да шүбә келтіруге болмайтыны айтылады. Не болса да, ғалымдар орда блған Чигу қаласы көшпелілердің киіз үйінде жерден-жерге көшіп жүрмегенін, және оның орнында кейін үстінен басқа қала орналасуы әбден мүмкін. Сондақтан да, бұл мәселе әзірше алда өз зерттеушілерін күтіп тұрған тақырып боп тұра береді.

Талқылау. Шынайы немесе мифтік Чигуды ғылыми іздеудің нақты белгіленген басталу күні бар. 1857 жылы 14 маусымда, жылы кеште алыстағы Санкт-Петербургтан келген жас орыс ғалым-саяхатшысы толқындармен көмкерілген шығанақтың айнасы болып, батып бара жатқан күн сәулесіндегі су асты сарайының таңғажайып қирандыларды көруге тырысты. Оны қоршап тұрған жергілікті қырғыздар аудармашы арқылы көл түбінен кесенелердің күмбезінің кірпішін алғанын, көлдің жағалауға «көлдің сыйлықтары» ретінде оқтын-оқтын көне заттарды шығарып тастайтынын айтқан болатын. Мысалы, мұнда қола дәуіріне жататын «пішіні және

үлкен өлшемді әшекейлері бар өте көне мыс қазан мен бірнеше мыс құрал» табылды (Семенов-Тян-Шанский, 180).

Ғалым жаңа қаланы зерттеу үшін ғылыми фактілерді жинаумен ғана айналысқан жоқ. Көлдің қалай пайда болғаны, оның неге жылы және тұзды екендігі туралы қырғыз аңыздарын, қанатты аттар – пырақтар туралы, ержүрек салт атты мен сұлу пері туралы, есек құлақты жауыз хан мен «екі мүйізді Ескендір (Шығыста Александр Македонскийді осылай атайды) туралы әңгімелерді мұқият тыңдады.

Аңыздардың маңыздылығы бұған дейін көл орнында бұрын халқы көп және бай қалалары бар кең-байтақ жазық болғандығына байланысты. Қалалардың бірінің бас алаңында түнде алтын қақпақпен жабылған құдық болған. Бір күні ғашық қыз (басқа нұсқа бойынша үш кезбе) мұны ұмытып кетіпті. Құдықтан тасып, көтерілген су ұйықтап жатқан қаланы басып қалып, бір түнде оның орнына Ыстықкөл пайда болды (Мокрынин, 8).

Бәрінен де тыңдаушыны аңыздың кейін жазып алған және Пржевальск қаласының қарт ұлы – белгілі өлкетанушы Я.И. Корольковтың көрсеткен романтикалық нұсқасы қатты тәнті етті.

Ежелгі уақытта бұл аймақта қала болып, қала орналасқан тік жартастың басында қамал тұрды. Бұл қала мен қамал қатыгездігімен ерекшеленген қарт хандікі еді. Қартайғанына қарамастан хан еріксіз еді. Бірде оған кедей көшпенділер отбасында керемет сұлу қыз бар деген қауесет жетті. Бір емес бірнеше даңқты жігіттер жекпе-жекте осы сұлуды иемдену үшін бастарын қатерге тікті. Бірақ ол сұлу өзіне ынтыққан жігіттердің ұсыныстарына басқа біреуді жақсы көремін деп жауап берді. Ал оның өзі ғашығын көрмеген де, танымайтын да еді. Тек, түсінде қыздың алдына ақ боз атқа мінген сымбатты жылқышы шығып, қолындағы жүзiктi қызға шешiп берiп, саусағына тағып: «Жақында қайтамын. Ешқашан сақинаны шешпеңіз, ол сiзде бар болса, сiзге ешқандай бақытсыздық болмайды» деген-тiн.

Ханның елшілері оған мол сыйлықтармен келіп, оған үйленуге ұсыныс жасағанда, қыз ғажайып шабандозды қайтадан кездестіреміз деген үмітпен тауға қашып кетеді. Тауға келген ару қолындағы сақинасын үйіне қалдырып кеткенін байқады. Үйіне сақинасын алуға келгенде ханның қарулы салт аттылары қызды ұстап алады.

Хан оны бұрын-соңды болмаған сән-салтанатпен көңілін аулауға тырысса да, ешқандай сыйлық қызды оның ұсынысына көндіре алмады. Ақыры хан сый-сияпатқа көнбеген сұлуды күшпен алуға шешім қабылдайды. Хан қызға жақындағанда, сұлу ашық тұрған терезеден шатқалдың тұңғиығына секіреді. Дәл осы мезетте қамалдың қабырғалары дірілдеп, қоймалар опырылып, қарт ханның сарайы опырылып құлайды да, барлық шатқалдардан су атқылай бастады. Қала су астына толық батқанға дейін атқылаған су тоқтамайды (Корольков, 11).

П.П. Семёнов Ыстықкөл қырғыздарының су астына кеткен қала туралы аңыздардың шынайылығын тексеруді ұйғарды. Үйінділер көрінген жер оның пікірінше, Қара-Булун мүйісінің су асты жалғасы болған, қалай болғанда да – көлдің шығыс таяз бөлігінде. Семенов өзі зерттеген, осы жердегі толқындар алып келген археологиялық олжаларды үйсін дәуіріне емес, кейінгі моңғолдарға, XIV және XV ғасырларға жатқызады. Және ол дұрыс болды. Оның қолында шынында да моңғол-тимуридтер дәуіріне жататын олжалар болған. Бірақ ғалымның өзі анықтағандай, мұнда ертерек сақ-үйсін дәуірінің заттары да табылды.

П.П. Семёнов жинақталған мәліметтерді қорыта отырып, қытай жылнамашылары Чигучэнь, яғни «Қызыл аңғар қаласы» деп атаған үйсіндердің штаб-пәтері әлі қай жерде болуы мүмкін деген сұраққа жауап іздейді. Үйсіндер, оның ойынша, кем дегенде бес ғасыр бойы «Ыстықкөл ойпатының талассыз иелері болып қала берді» және «Ыстықкөлден толқындар лақтырып жіберген ең көне заттарды» қалдырды (Семенов-Тян-Шанский, 181).

П.П. Семенов үйсіндерді ғылыми таным тұрғысынан қалай көрді? Үйсіндер туралы сол кездегі ғалымдардың барлық білімдері тек қытай жылнамаларының мәліметтеріне негізделген. Үйсін жерлерінде археологиялық қазбалар әлі жүргізілген жоқ және шашыраңқы кездейсоқ олжаларды қоспағанда, материалдық мәдениеттің ешқандай дәлелі іс жүзінде болмады.

Сонымен, деп жазады П.П. Семенов, үйсіндер елі, қытайлардың айтуы бойынша, суық және жауын-шашын мол, тамаша жайылымдары бар, таулар шыршалы және жапырақты

ормандармен көмкерілген аймақтарда тұрған. Үйсіндердің табындары көп болды, олар негізінен жылқы шаруашылығымен айналысты. Қытай императорлары үйсін билеушілерін ғұндарға қарсы әлеуетті одақтастар ретінде қарастырып, олармен одақ құруға ұмтылды. Бұл үшін әулеттік неке әдістерінің бірі ретінде пайдаланылды. Б.з.б. 107 жылы Қытай сарайы өз ханшайымын үйсін билеушісіне әйелдікке берді. Ол үшін билеушінің ордасына сарай салынды. Дәл осы резиденцияны қытайлықтар «Қызыл аңғар қаласы» деп атаған. П.П. Семенов «қызыл алқап» тек өзен аңғары болуы мүмкін деп есептеді. Ол көшпелі қоғамдағы билеуші ордасының жанында судың молдығынан гөрі, мол жайылымдар қажет, сондықтан Чигудың орыны Ыстықкөл жағасында емес деп есептеді. Бұл дәлелді ескеруге болады, бірақ ол толық сенімді емес. Әйтеуір, солай болуы да мүмкін: орда тіке көлдің жағасында орналасып, басқа бағынышты иеліктері сол алқаптың тау етегіндегі бай жайлауларды алып жатты.

Қалай болғанда да, Чигудың Шығыс Ыстықкөл аймағында орналасқанына сенімді П.П. Семенов оны тікелей осы жағалаудан табады деп ойламаған да. Объективті, бейтарап ғалым ретінде ол үйсіндерге жатқызған заттардың жағалаудан және су астынан табылу жағдайларын атап өтті.

Тянь-Шаньда үйсіндердің үстемдігі шамамен VI ғасырда тоқтап, олар мұнда келген түркі тайпаларымен араласқан. Бірақ, П.П. Семенов, үйсіндер тарих сахынасынан жойылып кеткен жоқ, олардың қалдықтарын қазақтар мен қырғыздар арасынан іздеу керек, олардың тайпалық бөлінісінде «үйсін» атауы сақталған, атап айтқанда, бұл қырғыздың ірі сарыбағыш руының бір руының атауы болған деп тұжырымдады. Ғалым сарыбағыстардың арасынан моңғолоидтық қара шашты және қаракөзді халықтың жалпы фондында ерекше көзге түсетін көк көзді және ақшыл шашты адамдарды кездестіреді. Айта кету керек, бұл жерде П.П. Семенов дұрыс пайымдады. Ежелгі үйсін тайпалары мен олардың ассимиляцияланған құрамдас бөліктері қазақ және қырғыз халықтарының этногенезінде ең тікелей қатысқанын қазіргі ғылым нанымды түрде дәлелдеді (Мокрынин, 9 б.).

П.П.Семенов-Тян-Шанский тікелей үйсін ескерткіштерін таппаған. «Бірақ, екінші жағынан, – деп жазды ол, Іле аймағы мен Тянь-Шань тау етегінің табиғаты кей жерлерде екі мың жыл бұрын қытайлықтар жақсы байқаған өзіне тән белгілерін сақтап қалды» (Семенов-Тян-Шанский, 182 б.).

Үйсін ескерткіштерінің ашылуы мен зерттелуі ғалымдардың кейінгі буынының еншісіне тиді. Эстафетаны П.П. Семёновтың кіші замандастары қабылдады.

Солардың бірі, түркиялық ұйғыр ғалымы М. Боғра өзінің «Шығыс Түркістан тарихы (*Шарки Түркістан тарихы*)» атты еңбегінде «Үйсін хандығы шығыста Ертіс өзені, батыста Ташкент хандығы, оңтүстікте Сібірге дейін созылған ұлан-байтақ өңірдегі үлкен бір хандық еді. Қытай дерек көздерінде «ойсын», «ойсұн» немесе «оусұн» деп атаған ежелгі грек дерек көздерінде «массагет» аталған. Астанасы Чехо қаласы Іле өзені бойында еді» – деп жазды (Боғра, 64 б.).

Нәтиже. Ертедегі қытай жазба деректерінде кездесетін жер-су, қала аттары қатарында Талас бір жағынан жағрафиялық өңір ретінде, тағы бір жағынан өзен және бекіністі қала аты ретінде жиі аталып отырған.

Әйгілі «Хань шу» (*Хан династиясы тарихы*) алғаш рет «Чжичжи қаласы (*Zhi zhi cheng*) Дулай шуйдің жағасында» (Бан Гу, 767 б.) деп қағаз бетіне түскен. Мұндағы «Чжичжи» (*Zhi zhi*) деген Солтүстік хунну шаньюйінің аты ретінде аталғанымен тарихшылар бұл атаудың этимологиясы жөнінде түрліше жорамалдар жасап келеді. Чжичжи (*Zhi zhi*) шаньюйдің өз аты емес, солтүстік хун даласындағы бір өзеннің аты, Чжичжи алғашқы кезде сол өзен бойын жайлаған хундарды басқаратын кіші мансапты болған. Кейінгі қағандық лауазымы, әрі өз аты ретінде қытай жазба деректерінде жазылып қалған деп талдаған синолог-тарихшы Де Грооттың пікірін түрік тарихшысы Б. Өгел қостайды. Өзі билеген өңірдегі жер-су, ру-ұлыс атымен тарихта қалған хун-түрік билеушілері аз емесін ойлағанда «Чжичжи-шаньюй» деген атты жатырқай алмаймыз.

Ал, «Дулай шуи» – Талас өзені дегенді білдіретін қытайдың үш иероглифін қытай тілі мен тарихын жетік білетін профессор Нәбижан Мұхаметханұлы былай талдайды: «... Алдыңғы екі таңбаны автор мәндік мағынада емес, дыбыстық мағынада қолданған, яғни ол жергілікті тұрғындардың «Дүлей» деген сөзінің дыбысталуы бойынша қытайша транскрипциялануы. Ал, «шуи» – «су» деген сөз. Сонда «Дулай шуи» – «Дүлей су» деген түрік сөзінің қытай тіліндегі дыбыстық аудармасы болып шығады. Мұның өзі сол өңірде өмір сүріп отырған қаңлы елінің ежелгі түрік тілінде сөйлегендігін аңғартса керек» (Мұхаметханұлы, 121-127 б.)

Ғалымның бұл талдауында тарихи шындық бар. Бұдан 2000 жыл бұрын дәл осы өңірде түрік тілді қаңлылар өмір сүргені, ол заманда өзендердің өткел бермес арынды, суы мол, дүлей ағысты болғаны еш күмән тудырмаса керек. Ал, «дүлей судың» Таласқа қай дәуірде, қандай жағдайда өзгергенін дөп басып айта алмасак та, оның да байырғы түрік сөзі екендігі белгілі.

Аталмыш «Дүлей судың» бойына салынған қаланың Чжичжи – «Чжичжи чэн» аталуы жөнінде қазақ оқырмандары Тараздың 2000 жылдық мерейтойына орай жазылған зерттеулер топтамасынан (Тараз, 1-3 б.) хабардар екенін ескеріп, бұл туралы көп тоқталмаймыз.

Есте болар бір жағдай – Чжичжи шаньюй 500 жұмыскерге екі жылда салдырып бітірді делінген бекініс-қала тақыр жерге салынбаған болатын. Хүнну тарихын егжей-тегжейлі зерттеген түрік тарихшысы Б. Өгелдің Самарқан (Кангюй) патшалығының астанасы жөніндегі зерттеуінде «... Астанасы Зарафшан ойпатында, бүгінгі Самарқан маңында болған. Жазғы ордасы, «Ханнамада» (96) жазылуынша, солтүстіктегі Талас бойында болған «Жы жы ханның бекінісі» Таластың жоғарғы ағысы бойында еді. Бұл төңірек шөл дала емес, құнарлы болатын» (Өгел, 136 б.) деп жазылған. Демек, Чжичжи шаньюй келіп, өз атындағы бекініс-қала салғанға дейін-ақ бұл өңірде «Жазғы Орда» аталған қалашық болған деуге толық негіз бар. Ал, кейінгі Талас – Тараз қаласына негіз болған «Чжичжи қаласының» іргесі қаланғанын есепке алғанның өзінде қаланың жасы үстіміздегі жылы 2045 жылға толған болар еді.

Біз ендігі сөзді Талас – Тараз қаласын негізгі орталық нысана ете отырып, заманымыздың XIII ғасырына дейінгі Ұлы Жібек жолының бағыт-бағдары және бұл күндері ертедегі Үйсін хандығының астанасы болған Чигу – (қызыл сай, қызыл аңғар) қала бекінісінің орны туралы келсін-келмесін айтыла салатын болжалдар жөніндегі өз ойларымыз төңірегінде өрбітпекшіміз.

Талас – Тараз қаласы ерте ортағасырдағы Ұлы Жібек жолының кемінде үш-төрт тармағы түйісер нағыз тоғыз жолдың торабындағы ірі мәдени-сауда орталығы әрі Шығыс пен Орхон-Алтай өңірінен басталатын ірі әскери жорықтар нысанаға алған стратегиялық мықты бекіністі қала еді. Талас –Таразға қарай бет алған сауда керуендері немесе Хань патшалығының жортуылшы әскерлері, мейлі қай бекіністен шықса да, үйсіндердің әйгілі Чигу қаласын басып өтетіндігі Қытай жазба деректерінде атап көрсетілген.

Б.з.б. 36 жылы Қытайдың Шығыс Түркістанды билеп тұрған генералы Чэн Тан Чжичжи шаньюйге қарсы жорыққа 40 000 адамдық қол дайындап, екі бағытпен жолға шығады: «... бірінші бағыт Оңтүстік жолмен (Қашқар арқылы) Памир тауынан асып, Ферғанаға төте тартады. Екінші бағыттағылар Ақсудан жолға шығады. Бұлар Солтүстік жолмен үйсіндердің ордасы Чигу арқылы үйсіндерді аралай, Кангюй шекарасын жағалай, Ыстықкөлдің батысына дейін барды» (Бан Гу, 3014 б.).

Үйсін тарихын зерттеушілерге аса бағалы дерек көзін ашып беретін бұл құжаттан мынадай үш мәселенің түйінін тарқатуға болады: бірінші – Қытай армиясы басып өткен «Солтүстік жол» тарихта Ақсу-Үштүрпан қаласынан шығып, Текес өзенінің аңғарымен өтетін «Жібек жолының» ортаңғы тармағы екендігі тарихшыларға белгілі нәрсе. Екіншісі – «...Үйсіндердің ордасы Чигу арқылы үйсіндерді аралай ...» дегенде, қытай жылнамашысы қай этноаумақты назарда ұстады екен? Ол үшін дерек мәтініндегі «Кангюй шекарасын жағалай, Ыстықкөлдің батысына барды» деген сөздің мәнісін ашуға тура келеді. Егер Қытай армиясы Ыстықкөлдің батысына Кангюй шекарасын жағалай барған болса, Кангюй елі үйсіндердің оңтүстік-батысында қалған болмай ма? Ал, үйсіндер Ыстықкөлдің шығысында қалған болса (өйткені, Кангюйлердің шапқыншы қолы Чигу қаласына дейін шабуылдап барғандықтан оған дейінгі мың шақырымдық Үйсін жері қаңырап бос қалған еді

деп «Хань шудың» «Үйсіндер» тарауында жазылған емес пе?), үйсіндердің батыс шекарасы Ыстықкөл болып тұрғаны даусыз.

Үшінші түйін – бұл түйін алдыңғы екі түйіннің қисынды жалғасы ретінде қарастырылуға тиіс, яғни үйсіндердің б.з.б. Чигу бекініс-қаласын негіз еткен этноаумағы кейбір зерттеушілер болжамдап жүргендей Жетісу мен Шу өңірі болмай, Ыстықкөлдің шығысы мен Іле аңғарының орта және жоғарғы ағысын қамтып жатқан болып шығады.

Бұл мәселелерді төменде тағы да егжей-тегжейлі қарастыруға тура келеді. Тарих туралы сөз қозғағанда, алдымен тарихи дерек көздеріне қарау керек. «Дейді екенмен», «мен осылай ойладым, солай шештім» дейтін қазақы кеудемсоқтықтан аулақ болуға дағдылану керек.

Үйсіндердің әр дәуірдегі өзгермелі жағдайға байланысты шекарасы да өзгеріп тұрғаны – тарихи шындық. Бірақ Чигу қаласы біреу-ақ, сондықтан оның орнын киіз үйді көшіргендей әр жерге апара беруге болмайды.

Қытай жазба деректеріндегі үйсіндерге қатысты деректерді жан-жақты қарастыра зерттеген тарихшының бірі – Су Бейхай, екі Хань династиясы (б.з.б. 206 жылан заманымыздың 220 жылы аралығы) тұсындағы үйсіндердің шекарасын былай межелейді:

«... Шығысы Манас өзенімен шектеседі, солтүстігі Тарбағатай тауынан батысқа қарай Балқаш көліне дейін барады. Батысы – Балқаш көлінің оңтүстігі арқылы Шу өзенінен өтіп, Таластың орта аңғарынан шығысқа айланып, Нарын өзенімен Қызылсу өзенінің өргі аңғарына дейін барады. Ал, оңтүстігі Қарашәрдің батысындағы Тәңіртауының жайылымдарын қамтып жатады. «Цзю Таншу» (*Тан династиясының көне тарихы*) және «Синь Таншу» (*Тан династиясының көне тарихы*) атты екі еңбектің «Батыс түріктер баянында»: «Бұл өңірлер үйсіндердің байырғы мекені» делінген (Су Бейхай, 3014).

Тарихшының бұл тұжырымын құптай отырып, генерал Чэн Тан бастаған қытай армиясы басып өткен Чигу (Қызыл аңғар) қала бекінісінің орны жөніндегі ала-құла болжалдардан үзінді келтіріп жатпай-ақ нақты тарихи деректерді негіз еткен зерттеулерге жүгініп көрелік.

Археолог Уаң Миңжы жазып құрастырған «Үйсін туралы зерттеу» атты еңбекте Ақсу бекітігі мен Ақсу қаласының «... терістігі Үйсінмен шектеседі... Үштұрпан бекітігі... патшасы Үштұрпан қаласында тұрған... терістігінен Чигуға дейін 610 шақырым. ... Күшәр бекітігі... Мұның терістігі үйсінмен, батысы Ақсумен іргелес, ... Қарашар бекітігі... мұның терістігі үйсінмен іргелес,...» (Ван Бингхуа, 144-145 б.).екендігі ап-анық көрсетілген. Ақсу мен Үштұрпан қатар жатқан елді мекендер екенін ескерсек, үйсіндердің Чигу (Қызыл аңғар) қаласы оларға таяқ тастам жерде тұрған болып шығады. Ал, Кангюй патшалығының орталығы саналған Ферғананың шығыс солтүстігінен 2000 шақырымдай жерде үйсіндер елі тұрғандығы да аталмыш еңбекте анық жазылған.

Жоғарыда келтірілген жазба деректер үйсіндердің Чигу (Қызыл аңғар) қаласының орнын анықтауға көмектеседі. Халқымыздың мақтанышына айналған Шоқан Уәлиханов Қашқар сапарынан қайтар жолында Чигу (Қызыл аңғар) қаласының орны жөнінде аса білгір зердесімен былай деп жазды: «... қырғыздардың айтуына қарағанда Атбасының төменгі жағында бір үлкен шаһардың ескі орны бар көрінеді. Ал, енді Нарында ерте заманғы егіншілік кәсібінің орнын біз өзіміз де көрдік, Атбасындағы ескі қаланың өзінің тұрған жеріне қарағанда, үйсіндердің астанасы Чыгу шаһарына сай келеді. Қытай тарихы бойынша бұл шаһар Ақсудың солтүстік-батыс жағында және Тәмирту нордың (Ыстық көлдің) оңтүстігінде болған көрінеді» (Уәлиханов, 458).

Шоқан Уәлихановтың осы пайымдауларын оқып отырып біздің тарихпен айналысқысы келетін жасамыс қаламгерлеріміздің тарихи білімі мен жауапкершілігінің 23 жасар Шоқан деңгейінен қанша алыс жатқанын ойлағанда бір түрлі қолайсыздық сезінеді екенсің.

Үйсіндер жөніндегі қытай жазба деректерге терең де жан-жақтылы зерттеу жүргізген ғалым Сұлтан Жанболатов үш томдық «Үйсін хикаят» атты тарихи еңбегін жариялағалы да бірнеше жыл болды. Үйсін мемлекетінің астанасы жөнінде ол былай деп жазады: «Астанасы – Іле өзенінің Алатау-Тәңіртау арасын жалғастырған саласындағы Чигу деген қала болды. Автор еңбегінде оны «Қызыл Күрең кенті» деп атаған. ... Елжау күнбейдің сарайы, осында болды» (Жанболатов, 119 б.).Сұлтан Жанболатов тұспалдап көрсеткен Алатау мен

Тәңіртаудың арасын жалғастырған аңғарды қытайдағы қазақтарға танымал архитектор, жазушы Болат Кәрібаев былай нақтылап береді: «Шатыдағы байырғы қала Іленің Моңғолкүре ауданының батыс-оңтүстігінде болып, аудан қалашығынан 57 километр келеді, Шаты ауылынан 19 километр шалғай. Шатыдағы байырғы қаланың солтүстігі Текес өзеңіне, шығысы Шаты өзеңіне тіреледі. Қала қирандысының маңайы жазық жайлау болып, теңіз деңгейінен 1700 метр биік... Қазір сақталып қалған шаһирстан (ішкі қала) қорғанының теріскей жақ дуалы 390 метр, түстік жақ дуалы 212 метр, батыс жақ дуалы 480 метр. ...Ежелгі қала шаһарстанның ортасында, батыс жақ бұрышында диаметрлері 18, 28 және 80 метр келетін үш төмпешік бар. Төмпешіктерден кірпіш, қыштардың сынықтары көптеп табылады. Мамандар осы төмпешіктерді қала ордасының орны болса керек деп топшылауда. ... Табылған мәдени мұраларға талдау жасау арқылы байырғы қаланың ұзақ жылдар өмір сүргендігі дәлелденуде. Көптеген мамандар байырғы қаланың маңайындағы үйсін қабырлары мен қаладан табылған мәдени мұраларға талдау жасай отырып, Шатыдағы байырғы қаланы ежелгі үйсін елінің жаздық астанасы немесе саяси, экономика, әскери жақтардан аса зор маңыз алатын ірі қала болған деп топшылауда» (Кәрібаев, 104-106).

Бұған дейін Қытайдың ертедегі жазба деректері мен өткен ғасырда жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары негізінде жасалған ғылыми тұжырымдарға, сол қатарда ондағы қазақ қаламгерлері жазған еңбектерін сараптай келе, сондай-ақ соңғы кездегі археологиялық қазбаларда дәйектелген нақтылы дерек көздерін саралау арқылы ешбір дәлелді жазба, қазба дерегі жоқ «әуесқой тарихшыларға» жауап бергіміз келді.

Атап айтқанда Шынжаң археологиясындағы деректерге негізделгенде үйсіндердің негізгі орталығы болған Іле өзенінің жоғарғы аңғарындағы Моңғолкүре, Текес, Күнес, Нылқы, Шапшалдан бастап, солтүстікте Еренқабырғадан Шихуға дейінгі өңірлердегі қорымдардан табылған олжалардың жыл көрсеткіші б.з.б. 200 – б.з.б. 225 жылдарға тура келетіні анықталды. Дәл осы мезгілге жататын обалардың орналасуына қарай отырып сол дәуірдегі үйсіндердің өріс-қонысын анықтап шығуға болады. Бұл бойынша олардың өріс-қоныстарының шығысы Күнес, Қас өзендерінен басталып солтүстікте Шиху өңіріне дейін, батысы Шу өзені атрабына, оңтүстігі Жұлдыз аңғарына шектескен. Қорытындылай айтқанда, Нарын, Текес, Жұлдыз өзендерінің алабы үйсіндердің құт-мекені болған.

Қытай жазба деректеріндегі «Хань шу» кітабының «Батыс өңір баяны» деп аталатын тарауында: «Ұлы Күнбидің ордасы Чигу қаласында тұрады... Жері ұлан-ғайыр жазық, ауа-райы жаңбырлы, салқын келеді. Тауларында қарағай, самырсын көп өседі... (Бан Гу, 767). Ал, Текес өзенінің оңтүстігіндегі Моңғолкүре өңірлерінің жағрафиялық ортасы өте жанға жайлы болған... Моңғолкүре ауданының шығыс, оңтүстік, солтүстік беттерін биік таулар қоршап тұрады, аудан қалашығы орналасқан жер теңіз деңгейінен 1800 метр биік.

Ертедегі қытай жазба деректеріне негізделгенде Чигу қаласы Текес өзенінің оңтүстік жағасында болған. Археологиялық қазбалардағы анықталған материалдарға негізделгенде үйсін қорымдары негізінен Моңғолкүре, Текес аудандарындағы Текес өзенінен Тәңіртауға дейінгі ұлан-байтақ далаға таралған. Мұның ішінде Моңғолкүредегі Шаты мен Сарқобының маңайында көп шоғырланған. Шаты өңіріндегі қорымдарда 200 ге тарта оба барлығы межеленуде. Бұлар топырақтан үйілген күмбез пішінді обалар. Үлкендерінің орамы 260 метрден асады. Оның диаметрі мен көлбеу биіктігі 20 метр шамасында, орташа обалардың орамы 100-150 метр, шағындарының 50 метрге жетпейді, осы обалар үлкен, орташа, шағын болуына қарай, үштен, бестен тіпті 20 ға дейін бір шоғыр болып, оңтүстіктен солтүстікке қарай тізбектеле орналасқан. Олардың арасында 3 тен 5 обаға дейін бір жерге шоғырланғандары да кездеседі. Обалардың ақымы тік ақым, Мұның ішінде бір бөлімінде ағаш ақым, ағаш ақымның сырты малта тас және ағаш шлагымен қоршалған, ағаш ақымның ішінде табыт немесе көтерме тақтай жасалған. Обалардан өте көп мөлшерде жылқы, сиыр, қой, ит қатарлы хайуандардың сүйегі шыққан. Мұнан сырт обалардың ішінде қыш ыдыстар да бар. Мұның көбі сары топырақтан жасалған ыдыс, қызыл қыш ыдыс, жайпақ ыдыс, тегеш сияқтылар да бар. Бұл да үйсіндердің кезінде белгілі көлемде отырықшылықпен орныққан егіншілікпен де шұғылданғандығын байқаймыз. Обалардан тағы темір кездік, қанжар қатарлы құралдар да көп

шыққан. Олар қолданған қырғыш, шырақ, балта, қашау, сүргі, ара қатарлы жабдықтар да табылған. Бұлар үйсіндердің кезінде темір құрал жабдықтарын көп мөлшерде қолданғанын байқауға болады. Археологтардың назарын аударған тағы бір жағдай обалардың ағаш ақымының төрт қабырғасына текемет ілінген, жібек, жүн тоқыма кездемелер, алтын, сүйек, қола бұйымдар мен сырлы бұйымдардың сынықтары да бірге көмілген.

Қорымдардың елді мекендермен тығыз байланысы болатыны белгілі, әдетте қорым елді мекендерден онша алыс болмайды. Сондықтан осындай обалармен қатысы болған елді мекендер әсте әдеттегі елді мекен емес үйсіннің астанасы Чигу қаласымен қатысы болған деп айта аламыз.

Қытай археологы Хуан Вэнби «Моңғолкүре, Шапшал аудандарындағы көне обалар» деген мақаласында былай деп хабарлаған: Шаты маңындағы Ақаяз сайының аузынан солтүстікке қарай шамамен 5400 метр жердегі көк жайсандардағы зираттардың екі жағында төбешік бар. Осының ішкі жағына қызыл кірпіш төселген, бұл кірпіштердің кейбіреуі доға пішінді, тағы кейбіреуіне сары жоса жағылған, бұл кірпіштер бір-біріне байлап, матап өртегенін айғақтайды.

Осы келтірілген жазба деректер мен археологиялық материалдарды сараптай келе, Чигу қаласының орны қазіргі Онсу, Үштүрпан аудандарының солтүстігінде Текес өзенінің оңтүстігінде деп тұрақтандыруға болады.

Бұл материалдарға 2006 жылы «Шинжияң халық баспасы» Үрімжі қаласында басып шығарған «Ежелгі Үйсін елі» кітабында келтірілген археологиялық қазба және жазба деректер топтамасынан толық танысуға болады.

Ал, біздің әуесқой таришылар: журналистер, жазушылар тіпті ақындар мен химик, физиктер, экономист, бизнесмендеріміз мұндай жауапкершілік арқалап ғылыми зерттеулерге пысықырып та қарамайтын болып жүр. Бұл тақырыппен көбірек әуестеніп жүргендер тарих пен археология ғылымының қалыптасқан дәстүрлі зерттеу әдіс-тәсілдері мен ұғым-түсініктерін мүлде жоққа шығарғысы келетін өнер шығара бастады. Біздің тарихшы ағайындар көрсе де көргісі келмей ме, әлде өздерінің байламды пікір айтуға дәрмені келмей ме? Әйтеуір, бір жұмбақ үнсіздік жайлап алған сияқты. «Үндемеуді – келісімге» балап үйренген ағайын бара-бара шектен шығып барады.

Қазақ ақыл-ойының, ғылыми ізденісінің жарқын табысы ретінде әлем мойындаған Есік қорғанынан табылған «Алтын адам» жөніндегі археолог ғалым Кемел Ақышевтың зерттеулері, академик Карл Байпаков басқарған Әлкей Марғұлан атындағы археология институты ғалымдарының теориялық-лабораториялық тексеру-зерттеу қорытындылары бұл күнде тәлкекке айнала бастады.

Кешегі Кеңестік тоталитаризм заманында Мәскеу мен Ленинградтың астам державашыл тарихшылары жоққа шығара алмаған «Алтын адамның» ғылым мойындаған жасы б.з.б V-IV ғасыр болса, оның иесі сол дәуірде салтанат құрған сақ-тиграхаудалар патшасының 18-20 жасар ханзадасы деп айқындалған еді.

Жазушы Бексұлтан Нұржекеевтің жазушылық қиялмен шарықтауына түсіністікпен қарауға да болар еді. Ең өкініштісі – жазушы сол «Алтын адамды» Кемел Ақышевпен бірге қазысып, бірге зерттесіп лабораториялық анализдан өткізіскен археолог Бекен Нұрмұхамедовты алдына салып алып, бүкіл бір академияның академиялық зерттеу қорытындысын жоққа шығартуға итермелегендей болғаны еді.

Бұған дейінгі тілші академик Ғ. Мұсабаев бастаған зерттеушілердің таласы – Чигу қаласының орны Ыстықкөл жағасында ма, әлде Кеген жеріндегі Құмтөкей орнында ма дегендер төңірегінде болып келген еді. Қытайға қарасты Текес пен Моңғолкүре туралы олардың ешбірі де сөз қозғаған емес.

Тілші, академик Ғ.Мұсабаев өз көзқарасын орнықтыру үшін Чигу қаласы деп белгіленген Құмтекей-ханқора деген үйіндіні әйгілі Баласағұн қаласымен салыстыра келе «... Ханқора-Шығу-Құмтекей ұзыны – 2200 метр, ені – 1000 метр. Ал, Баласағұнның ұзыны - 630 метр, ені – 400 метр. Сонда, Құмтекей-Шығу Баласағұннан 3 есе үлкен. Осы үлкен қалаға суды

12 км жерден ендігі үш метрдей тоған арқылы әкелген», – деп түйеді (Аққошқаров, 545 б.).

Қазақ жерінде әйгілі Баласағұннан көлемі үш есе үлкен ерте замандық қала болған болса, Қытай мен араб, орыс жиһанкездері мен археологтарының біреуінің назарына ілікпегені таңқалдырады.

Турасын айтар болсақ, бұл тым ұшқары әрі тарихқа сай келмейтін әфсана тақылеттес бұлыңғыр жорамал ғана.

Біз Чигу қаласын оның Кеген маңындағы Ханқора-Құмтекейден іздеу ақылға сыймайды деп отырғанымыз жоқ. Ол мүмкіндікті де жоққа шығармаймыз. Әңгіме тек ешбір дерек-дәйексіз шектен шығуда ғана.

Ал, Чигу қаласын жүздеген километр шалғай шығыс-оңтүстік Алматы түбіндегі Есік қорғаны маңындағы аядай Рахат аулының солтүстік-шығысындағы бейкүнә қырат-қырқаларға қарай сүйрелеудің тым өрескел қателік екендігін айтпай тұра алмаймыз. Оған мынадай қарсы сұрақ қоя отырып өз уәжімізді ұғындырғымыз келеді:

«Бұл үйсіндердің астанасы болуы мүмкін» деген жорамалға келтірген дәлелдеріңіздің тарих пен археология ғылымы талаптарына жауап берері бар ма?

«... Ең әуелі жердің ыңғайы» дейсіздер, сонда ол қандай ыңғай? Ненің ыңғайы? «Екінші, жердің қыртысы, жынысы» дейсіз. Чигу қаласының орны болу үшін жердің қандай қыртысы, қай жынысы таңдап алынғаны жөнінде қандай жазба, қазба деректеріңіз бар? Сондай да қисынсыз қисын болама екен? «Үшінші, төбелердің құрылыс құрылымы еді» дейсізде, қазақ жерінде қанша тау, қанша төбе бар, олардың құрылысы құрылымына қарап ескі қала орнын іздей берсек, не болдық?

Бұл жорамалдың ең сорақысы әрі ең күлкілісі – төртіншісінде. «Төртінші, алтын адамның жерленуі: Патша жерленген жер – астана болу керек, т.б» (Тамырсыз тасқа тіл бітсе).

Бұған не деуге болады? Иә, Есік қорғаны жұртынан алтын адам табылғаны рас, оны әлем біледі. Бірақ әлдеқашан бұлжымастай ғылыми дәлелмен б.з.б. V-IV ғасырда өмір сүрген сақ патшасының қыршын ханзадасына арнап өрнектелген алтын киім екенін қалай, қандай дәлелмен жоққа шығармақ? «Патша жерленген жер – астана болу керек» – дегенді қай тарихтан, көрді екен? Әсіресе, кейінгі кезде Берел мен Батыс Қазақстаннан табылған алтын адамдар жерленген жерде қай патшалықтың, қай астанасы орнаған екен?

Бұл ой-жорамалдардың тарихи шындыққа мүлде сай келмейтіні жөнінде құлаш-құлаш мақала жазуға болар еді. Одан гөрі қолда бар жазба деректердің біреріне ғана назар салып көрелікші.

«Адыңғы Хань шу» және «Соңғы Хань шу» деп аталған екі екі тарихи еңбектің үйсіндер туралы тарауында үйсіндер б.з.б. 177 жылдары Қытай қорғанының батыс шегінде Дұнхуан-Шулен тауы маңында жүргенде елдігінен айырылып, хұндарға бассауғалап барады. Ал, хұн билеушісі Лаушань шаньюй билік құрған (б.ж.с.д. 174-161 ж.ж.) жылдардың соңғы кезінде – Елжау күнбидің 17-18 жасында хұндар «Әкесінің елін күнбиге берді; қайтарып берді» (Ван Бингхуа, 137-138 б.) деп жазылған.

Елжау күнби әкесінің елін бастап хұндардың батыс шекарасын мәңгі қорғауға аттандырғанынан есептегенде, Іле, Ыстықкөл аумағына келіп орныққанға дейінгі 20-30 жылдық уақыт бар. 2000 километр қашықтан көше жылжып, жолшыбай кіші бектіктер мен соғыса жүріп, ақыры Іле, Ыстықкөлге орнығып қалған ұлы юэчжилер мен нүүүкістердің және сақтардың қалдығын өзіне бағындыру жолында бастан кешкен ауыр күндер Елжау күнби басқарған үйсін елінің жауынгерлік қуатын арттыруға түрткі болса, болған шығар. Шулен тауынан басталған 100000 адамдық үйсін көші Ілеге келіп орныққанда б.з.б. 43 жылдары «түтін саны 120 мың, жан саны 630 мың, сайлауыт әскері 188800...батыс өңірдегі ең ірі елге» (Ван Бингхуа, 109-110 б.) айналғаны тарихи шындық. Ал, қоныс аударудың алғашқы жылдарында небәрі бірнеше он мың ғана әскері бар шағын ел болғаны да сонда жазылған.

Әйтсе де, үйсіндер Іле өңірі мен Ыстықкөлге орнығып, қанша болып-толғанымен Есік қорғанынан табылған ғажайып алтын киімдей зергерлік, өнердің дүр жауһарын тудыра алатын жоғары мәдениетке қол жеткізе қойды ма екен. Оның үстіне Елжау күнбидің б.з.б. 104 жылы өлгенін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Қытай тарихшыларының зерттеулеріне

қарағанда «Чигу қаласының сорабы біздің заманымыздан бұрынғы II ғасырдың соңында, I ғасырдың басында б.з.б. 106-104 жылдары пайда болған. Ал, б.з.б. I ғасырдың орта шенінде ол белгілі көлем алған» (Ван Бингхуа, 109-110 б.).

Олай болса, Бексұлтан Нұржекеев межелеген Рахат ауылындағы Чыгуде салтанатпен жерленді делінген бекзаданың (б.з.б. Елжау күнбидің 118 жылы өлген тұңғыш ұлы) алтын киімі қашан, қай қалада, кімдердің қолымен жасалған болады? Оның үстіне б.з.б. V-IV ғасыр мен б.з.б. алдындағы II ғасырдың соңғы ширегі арасындағы үш ғасырдай алшақтықты қандай сиқырлы дұғаның күшімен қиюластырсақ екен?

Қорытынды. Осыған дейін «Қызыл аңғар» қаласы жөнінде әр дәуірде, әр ел тарихшылары, жиһанкез саяхатшылары жазып кеткен алуан түрлі жазбаларды тәптіштей қарастырғанымызда, олардың барлығы дерлік сырттай, алғашқы әсерлеріне негізделіп жазған жорамалдар екеніне көзіміз жетті. Сондықтан академиялық тарих ғылымы ескі заманнан бізге жеткен жерасты, жер үсті жәдігерлері қала, бекініс, оба, омахаларға қазба жұмысын жүргізген археологтар мен этнограф, этнологтардың материалдық-заттық айғақтарына және сол айғақтар бойынша жасаған сараптамалары мен лабораториялық анықтамаларына ғана назар аударып, өз ой-тұжырымдарымызды жасай аламыз. Мұнда «дейді екенге» орын жоқ.

Сондықтан «Шы-гу – Қызыл аңғар» қала-бекінісіне ұзақ жылдар бойы археологтар жүргізген нақты материалдық әрі мәдени жәдігерлер айғақтаған Қытайға қарасты Текес, Шаты аңғары мен Тоғызтарау, Күнес, Қас аудандары аймағынан табылған жүздеген зәулім обалардың үйсіндер қолымен, үйсін хандығы ақсүйектері орнатылған тарихи ескерткіш екеніне кәміл сенеміз. Ол ескерткіштердің мән жайы, қарапайым арифметикалық есептер бойынша тиянақталғанына көз жетеді. Біздің бұл түйінді көздерімізге күмәнданып, өз дәлел-дәйектерін келтіретін болса, мархабат.

Ата тарихты білгісі, зерделегісі келетін үлкен-кіші ағайындарға айтарымыз, ақиқаттың алтын таразысы да, сиқырлы кілті де қолымызда жоқ. Алайда ата тарихымыздың тереңіне бойлауға көмектесетін тарихи дерек көздері ежелгі қытай, араб, парсы, моңғол, орыс, еуропа елдері тілдеріндегі жазбаларда молынан кездеседі. Біз тәуелсіз Қазақ мемлекетінің тәуелсіз перзентіміз. Кімнің не айтуына ешкім де шек қоя алмайды. Өнер мен ғылымның әртүрлі мектебі мен стилін дамыту және талқылау еркіндігіне жағдай жасалған азат қоғамда өмір сүріп отырмыз. Бірақ ешкімнің ақиқаттан аттап кетуіне, әдептен озып, ғылымды анархиялық ауа жайылулар тәлкегіне тастап қарап отыруға да болмас.

Жетісу, Ыстықкөл, Талас-Тараз өңірі – тұнып тұрған тарих қоймасы. Бірақ оның асылдары жеті қат жер астында жатқанын ескерелік. Оның ғұмыр жасы мың-мың жылдармен есептеледі. Сондықтан тарих қойнауына белді шешіп, үңги, сұғына кіруге тәуекел етейік. Ескі қаланың жел көтерген бірен-саран қоқым-соқымдарын ғана малданып, қызыл кеңірдек болмай-ақ қоялық. Әсіресе, көзімізге ерекше көрінген төбелер мен салмау тұмсықтарға, жон жоталарға аңғал әуестікпен сұқтана бергенді қоя тұралық. Салихалы тарих, бізден салдарлы, тиянақты әрі ақылға қонымды ғылыми ізденістерді күтіп тұрғанын ұмытпайық.

Әдебиеттер

- Аққошқаров, 1997 — Аққошқаров Е. Қазақ тарихынан. Алматы: Жалын, 1997. 542 б.
 Боғра, 1987 — Боғра М. Шығыс Түркістан тарихы (Шарки Түркістан тарихы). Анкара: Такламакан, 1987. 468 б.
 Жанболатов, 2002 — Жанболатов С. Елжау Күнби. Үрімжі, 2002. 119 б.
 Кәрібаев, б.ж. — Кәрібаев Б. Қазақтың дәстүрлі архитектурасы және құрылыс өнері. Компьютерлік нұсқасы. Б. 105–106.
 Корольков, 1890 — Корольков Б.Я. Предания иссык-кульских киргиз о разлившемся озере // Восточное обозрение. 1890. № ... С. 11.

Мокрынин, 2010 — Мокрынин В.П., Плоских В.М. Археология и история Кыргызстана. Избранное / Ред.-сост. В.А. Воропаева. Бишкек: Илим, 2010. 300 с., илл.

Мұқаметханұлы, 2010 — Нәбижан Мұқаметханұлы. Тараз қаласының салынуы // Қазақ тарихының өзекті мәселелері. Павлодар: Brand Print, 2010. Б. 121–127.

- Өгел, 1998 — Өгел Б. Ұлы Хүн империясының тарихы. Екінші кітап / ауд. Ә. Дәулетханов. Алматы: ХАНТ, 1998. 136 б.
- Семенов-Тянь-Шанский, 1946 — Семенов-Тянь-Шанский П.П. Путешествие в Тянь-Шань в 1856–1857 годах. Москва, 1946. 180 с.
- Тараз-2000, 2002 — Тараз-2000. Көне және қазіргі Тараз: тарихы және әлеуметтік-экономикалық дамуының болашағы. Тараз қаласының 2000 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары (4–5 сәуір, 2002). Тараз, 2002.
- Түркістан, 2005 — Тамырсыз тасқа тіл бітсе // Түркістан газеті. 2005. №25 (571). 23 маусым.
- Уәлиханов, 1985 — Уәлиханов Ш.Ш. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1985. 458 б.
- 王明哲, 王炳华, 1983 — 王明哲, 王炳华. 乌孙研究. 乌鲁木齐: 新疆人民出版社, 1983. 204 页.
- 班固, 1997 — 班固. 汉书. 卷七十. 北京: 中华书局, 1997. 4273 页.
- 班固, 1997 — 班固. 汉书. 卷七十. 北京: 中华书局, 1997. 767 页.
- 苏北海, 1984 — 苏北海. 汉代乌孙居地考 // 中华文史论丛. 1984. №4.

References

- Aqqoshqarov, 1997 — Aqqoshqarov E. Qazaq tarikhynan. Almaty: Zhalyyn, 1997. 542 p. (In Kaz.)
- Ban Gu, 1997 — Ban Gu. Han shu. Beijing: Zhonghua shuju, 1997. 4273 p. (In Chin.)
- Ban Gu, 1997 — Ban Gu. Hanshu. Beijing: Zhonghua shuju, 1997. 767 p. (In Chin.)
- Boğra, 1987 — Boğra M. Shygys Turkistan tarikhly (Sharki Turkistan tarikhly). Ankara: Taklamakan, 1987. 468 p. (In Kaz.)
- Karibaev, n.d. — Karibaev B. Qazaqtyn dasturli arkhitekturasy zhane qurylis oneri. Kompyuterlik nusqa. Pp. 105–106. (In Kaz.)
- Korol'kov, 1890 — Korol'kov B.Ya. Predaniya issyk-kul'skikh kirgiz o razlivshemsya ozere // Vostochnoe obozrenie. 1890. No. ... P. 11. (In Russ.)
- Mokrynin, 2010 — Mokrynin V.P., Ploskikh V.M. Arkheologiya i istoriya Kyrgyzstana. Izbrannoe / Red.-sost. V.A. Voropaeva. Bishkek: Ilim, 2010. 300 p., ill. (In Russ.)
- Mukhametkhanuly, 2010 — Nabizhan Mukhametkhanuly. Taraz qalasinyn salynuy // Qazaq tarikhynyn ozekti maseleleri. Pavlodar: Brand Print, 2010. Pp. 121–127. (312 p.). (In Kaz.)
- Ogel, 1998 — Ogel B. Uly Hun imperiyasynyn tarikhly. Ekinshi kitap / transl. from Turk. by A. Daulethanov. Almaty: Khant, 1998. 136 p. (In Kaz.)
- Semenov-Tian-Shanskii, 1946 — Semenov-Tian-Shanskii P.P. Puteshestvie v Tian'-Shan' v 1856–1857 gg. Moscow, 1946. 180 p. (In Russ.)
- Su, 1984 — Su Beihai. Handai Wusun jidi kao // Zhonghua wenshi luncong. 1984. No. 4. (In Chin.)
- Taraz-2000, 2002 — Taraz-2000. Kone zhane qazirgi Taraz: tarikhly zhane aleumettik-ekonomikalyq damudyn bolashagy. Materialy respublikanskoi nauchno-prakticheskoi konferentsii, posvyashch. 2000-letiyu Taraza (Taraz, 4–5 apreliya 2002). Taraz, 2002. (In Kaz.)
- Turkistan, 2005 — Tamyrsyz tasqa til bitse // Turkistan gazeti. 2005. No. 25 (571). 23 mausym. (In Kaz.)
- Ualikhanov, 1985 — Ualikhanov Sh.Sh. Tandamaly. Almaty: Zhazushy, 1985. 458 p. (In Kaz.)
- Wang, 1983 — Wang Mingzhe, Wang Binghua. Wusun yanjiu. Wulumuqi: Xinjiang renmin chubanshe, 1983. 204 p. (In Chin.)
- Wang, 1989 — Wang Binghua, Wang Mingzhe. Uysin turaly zertteu / transl. into Kazakh by N. Mukhametkhanuly. Urumqi: Shinjian khalyk baspasy, 1989. 460 p. (In Kaz.)
- Zhanbolatov, 2002 — Zhanbolatov S. Elzhau Kunbi. Urumqi, 2002. 119 p. (In Kaz.)

CONTENTS

Kabuldinov Z.E. CULTURAL AND EDUCATIONAL ACTIVITIES OF MASHKHUR-ZHUSSIP KOPEYULY.....	5
Doğanay A., Sambet M.A. REFLECTIONS OF THE AFTERLIFE BELIEF AMONG THE TURKS IN MAUSOLEUM CONSTRUCTION AND DECORATION.....	12
Cherepanov K. KAZAKHSTAN AS AN INDUSTRIAL AND RAW-MATERIAL BASE OF THE SOVIET UNION DURING THE LEADERSHIP OF D.A. KUNAEV (1964–1986).....	26
Azmukhanova A., Balgozhina A. ENLIGHTENMENT MOVEMENTS: JADIDISM AND MEIROKUSHA IN A HISTORICAL RETROSPECTIVE.....	39
Zhumagul S.B. FROM THE REHABILITATION HISTORY OF LITERARY HERITAGE OF THE “ALASH” FIGURES.....	53
Tashagul A., Kopeyeva S.Zh. ACTIVITIES AND SIGNIFICANCE OF THE MUSLIM FRACTION IN THE FIRST AND SECOND STATE DUMAS.....	64
Zhussip S.-Kh.A., Zhumatay S. THE ALL-RUSSIAN CONSTITUENT ASSEMBLY AND THE HISTORY OF THE CREATION OF THE REPUBLIC OF ALASH.....	71
Kemengger K.R. HISTORICAL AND MENTAL-SYMBOLIC MEANING OF THE ARCHETYPE “ALASH” IN THE KAZAKH SOCIO-CULTURAL SOCIETY OF THE XX CENTURY.....	83
Mukanova G.K., Sarsembina K.K. MELODIES OF THE STEPPE: THE REPRESSED CULTURAL FIGURE OF KAZAKHSTAN, COMPOSER IVAN KOTSYK (1891-1938).....	93
Salmorbekova R.B., Saralaev N.K., Murzalieva Z.K. ORTHODOXY IN KYRGYZSTAN: STAGES OF FORMATION AND ROLE IN THE SPIRITUAL LIFE OF SOCIETY.....	110
Tulbassyieva S.K. FROM THE PAGES OF THE HISTORY OF THE SOVIET COLLECTIVE FARM: THE COLLECTIVE FARM “MOUNTAIN GIANT” IN THE CITY OF ALMA-ATA. THE 30S OF THE XX CENTURY.....	122
Khassanayeva L.M. THE ROLE OF THE NATIONAL INTELLECTUALS IN THE POLICY OF NATIONAL TERRITORIAL DELIMITATION.....	139
Dauletkhanov A. ON THE HISTORICAL SITE OF THE CITY OF CHIGU.....	153
Zhengis E.Zh. POPPY CULTURE IN SEMIRECHYE AT THE END OF THE 19TH – BEGINNING OF THE 20TH CENTURY.....	165
Kenzhebekova Zh.K. FORMATION AND DEVELOPMENT OF THE MEDIATION INSTITUTE IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: PROBLEMS AND SOLUTIONS.....	174
Sholakhov M. ANALYSIS OF THE WESTERN EUROPEAN HISTORIOGRAPHY OF THE NOGAI HORDE.....	181

МАЗМҰНЫ

Қабылдинов З.Е.	
МӘШХҰР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ МӘДЕНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....	5
Доғанай А., Сәмбет М.Ә.	
ТҮРКІЛЕРДЕ АҚЫРЕТ СЕНИМІНІҢ МАЗАР ҚҰРЫЛЫСЫНДАҒЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ БЕЗЕНДІРУДЕГІ КӨРІНІСТЕРІ.....	12
Черепанов К.В.	
Д.А. ҚОНАЕВ БАСШЫЛЫҚ ЕТКЕН ЖЫЛДАРЫ (1964–1986 ЖЖ.) ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ ИНДУСТРИЯЛЫҚ-ШИКІЗАТТЫҚ БАЗАСЫНА АЙНАЛУЫ.....	26
Азмуханова А.М., Балгожина А.А.	
АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР: ЖӘДИДШІЛДІК ПЕН МЭЙРОКУСЯ ТАРИХИ РЕТРОСПЕКТИВАДА.....	39
Жұмағұл С.Б.	
«АЛАШ» ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫН АҚТАУ ТАРИХЫНАН.....	53
Ташағыл А., Көпеева С.Ж.	
I ЖӘНЕ II МЕМЛЕКЕТТІК ДУМАЛАРДАҒЫ МҰСЫЛМАН ФРАКЦИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН МАҢЫЗЫ.....	64
Жүсіп С.Х.А., Жұматай С.	
БҮКІЛРЕСЕЙЛІК ҚҰРЫЛТАЙ ЖИНАЛЫСЫ ЖӘНЕ АЛАШ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ.....	71
Кеменгер Қ.Р.	
XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ҚОҒАМЫНДАҒЫ «АЛАШ» АРХЕТИПІНІҢ ТАРИХИ ЖӘНЕ МЕНТАЛДЫҚ-СИМВОЛДЫҚ МӘНІ.....	83
Мұқанова Г.Қ., Сәрсембина Қ.Қ.	
ДАЛА ӘУЕНДЕРІ: ҚУҒЫН-СҮРГІНГЕ ҰШЫРАҒАН ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТ ҚАЙРАТКЕРІ, КОМПОЗИТОР ИВАН КОЦЫК (1891-1938).....	93
Салморбекова Р.Б., Саралаев Н.К., Мурзалиева З.К.	
ҚЫРҒЫЗСТАНДАҒЫ ПРАВОСЛАВИЕ: ҚАЛЫПТАСУ КЕЗЕҢДЕРІ МЕН РӨЛҚОҒАМНЫҢ РУХАНИ ӨМІРІНДЕ.....	110
Тулбасиева С.К.	
КЕҢЕСТІК КОЛХОЗ ТАРИХЫНЫҢ БЕТТЕРІНЕН: «ГОРНЫЙ ГИГАНТ» КОЛХОЗЫ – АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА. XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫ.....	122
Хасанаева Л.М.	
ҰЛТТЫҚ ЗИЯЛЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ-АУМАҚТЫҚ МЕЖЕЛЕУ САЯСАТЫНДАҒЫ РӨЛІ.....	139
Дәулетханов Ә.Д.	
ЧИГУ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАРИХИ ОРЫНЫ ТУРАЛЫ.....	153
Жеңіс Е.Ж.	
XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ - 20 ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ЖЕТІСУДАҒЫ КӨКНАР ЕГІНШІЛІГІ.....	165
Кенжебекова Ж.Қ.	
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ МЕДИАЦИЯ ИНСТИТУТЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ.....	174
Шолахов М.Г.	
НОҒАЙ ОРДАСЫНЫҢ БАТЫСЕУРОПАЛЫҚ ТАРИХНАМАСЫН ТАЛДАУ.....	181

СОДЕРЖАНИЕ

Кабульдинов З.Е. КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ МАШХУР-ЖУСИПА КОПЕЙУЛЫ.....	5
Доганай А., Самбет М. ПРОЯВЛЕНИЯ ВЕРЫ В ЗАГРОБНУЮ ЖИЗНЬ У ТЮРКОВ В СТРОИТЕЛЬСТВЕ И УКРАШЕНИИ ГРОБНИЦ.....	12
Черепанов К.В. КАЗАХСТАН КАК ИНДУСТРИАЛЬНО-СЫРЬЕВАЯ БАЗА СОВЕТСКОГО СОЮЗА В ГОДЫ РУКОВОДСТВА Д.А. КУНАЕВА (1964–1986 ГГ.).....	26
Азмуханова А.М., Балгожина А.А. ПРОСВЕТИТЕЛЬСКИЕ ДВИЖЕНИЯ: ДЖАДИДИЗМ И МЭЙРОКУСЯ В ИСТОРИЧЕСКОЙ РЕТРОСПЕКТИВЕ.....	39
Жумагул С.Б. ИЗ ИСТОРИИ РЕАБИЛИТАЦИИ ЛИТЕРАТУРНОГО НАСЛЕДИЯ ДЕЯТЕЛЕЙ «АЛАШ».....	53
Ташагыл А., Копеева С.Ж. ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ И ЗНАЧЕНИЕ МУСУЛЬМАНСКОЙ ФРАКЦИИ В I И II ГОСУДАРСТВЕННОЙ ДУМЕ.....	64
Жусип С.Х.А., Жуматай С. ВСЕРОССИЙСКОЕ УЧРЕДИТЕЛЬНОЕ СОБРАНИЕ И ИСТОРИЯ СОЗДАНИЯ РЕСПУБЛИКИ АЛАШ.....	71
Кеменгер К.Р. ИСТОРИЧЕСКОЕ И МЕНТАЛЬНО-СИМВОЛИЧЕСКОЕ ЗНАЧЕНИЕ АРХЕТИПА «АЛАШ» В КАЗАХСКОМ СОЦИОКУЛЬТУРНОМ ОБЩЕСТВЕ XX ВЕКА.....	83
Муканова Г.К., Сарсембина К.К. МЕЛОДИИ СТЕПИ: РЕПРЕССИРОВАННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ КУЛЬТУРЫ КАЗАХСТАНА, КОМПОЗИТОР ИВАН КОЦЫК (1891–1938).....	93
Салморбекова Р.Б., Саралаев Н.К., Мурзалиева З.К. ПРАВОСЛАВИЕ В КЫРГЫЗСТАНЕ: ЭТАПЫ СТАНОВЛЕНИЯ И РОЛЬ В ДУХОВНОЙ ЖИЗНИ ОБЩЕСТВА.....	110
Тулбасиева С.К. ИЗ СТРАНИЦ ИСТОРИИ СОВЕТСКОГО КОЛХОЗА: КОЛХОЗ «ГОРНЫЙ ГИГАНТ» В ГОРОДЕ АЛМА-АТЫ. 30-Е ГОДЫ XX ВЕКА.....	122
Хасанаева Л.М. РОЛЬ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ В ПОЛИТИКЕ НАЦИОНАЛЬНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО РАЗМЕЖЕВАНИЯ.....	139
Даулетханов А.Д. О ИСТОРИЧЕСКОМ МЕСТЕ ГОРОДА ЧИГУ.....	153
Женис Е.Ж. КУЛЬТУРА МАКА В СЕМИРЕЧЬЕ В КОНЦЕ XIX - В НАЧАЛЕ XX ВЕКА.....	165
Кенжебекова Ж.К. ФОРМИРОВАНИЕ И РАЗВИТИЕ ИНСТИТУТА МЕДИАЦИИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ ИХ РЕШЕНИЯ.....	174
Шолахов М.Г. АНАЛИЗ ЗАПАДНОЕВРОПЕЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ НОГАЙСКОЙ ОРДЫ.....	181

Редакцияның мекен-жайы:

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғ., 11/5
Қазақстан және Орталық Азия тарихы институты
Scientific Journal “Central Asian courier” редакциясы

Сайтқа сілтеме: <https://sjcacourier.com/>

Тел.: +7 (776) 301-11-11 (Ұялы телефон)
+7 (775) 537-77-72 (whatsapp)

E-mail: hkca.kz@gmail.com

Журнал Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінде
2025 ж. 20 маусымда тіркеліп, № KZ20VPY00122471 куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.